



● **ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ**

Ерлік ескерусіз қалмайды

Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментінің екі қызметкері Абай облысындағы төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін мемлекеттік марапаттарға ие болды. Еліміз бойынша барлығы 22 қазақстандық марапатталды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»



Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі Мамандандырылған жасағының бөлімше командирі азаматтық қорғау сержанты Бекболат Жиренов «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ол 2016 жылдан бастап, азаматтық қорғау органдарында қызмет етеді.

Лияс Қасымов Балқаш қаласындағы №4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімшесін басқарады. Ол III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. 2015 жылдан бері осы салада қызмет етіп келеді.

Төтенше жағдайлар жөніндегі бірінші вице-министр Ибрагим Күлшімбаев Абай облысындағы өртті жоюға қатысушыларға мемлекеттік наградаларды табыс етіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғысын жеткізді.

Айта кету керек, 8 маусымда «Семей орманы» Батпаев орманшылығының аумағында орман өрті өршіген болатын. Сол күні қарағандылық өрт сөндірушілер Абай облысына көмекке аттанған еді.

Дүниеге үшем келді

Пришхтинскідегі №2 перинаталдық орталықта үшем дүниеге келді. Перинаталдық орталықтың білікті мамандары – акушер-гинекологтар, реаниматолог-анестезиологтар, неонатологтар, акушерлер және неонаталдық мейіргерлер жоспарлы операцияның сәтті болуын қадағалады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»



Екі қыз бен ұл салмағы 2390, 1960 және 2460 грамм болып туылды. Үшемің анасы Светлана Нестерова медициналық мекеменің ұжымына алғысын білдірді.

– Менің балаларымның дүниеге келуіне көмектескен операциялық бригада мамандарына, бала дәрігерлеріне ризашылығымды білдіргім келеді. Көрсетілген көмек пен қамқорлық үшін зор алғыс, – дейді Светлана Нестерова.

Балалар салмақ жинағанша біраз уақыт дәрігерлердің бақылауында болып, кешегі күні анасы мен сәбилері үйлеріне оралды.

● **ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ**

Балқаш жылу жүйесі – Үкімет назарында

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Балқаш қаласында жұмыс сапарымен болды. Аткарушы билікке жүктелген тапсырмалардың орындалу барысын бағамдай келген вице-премьер бірден қаланың тынысымен, бірқатар нысандардың жұмысымен танысты.

Нұрдос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Балқаш жылу электр орталығында жаңа, бесінші қазандықтың құрылысы жүріп жатыр. Жөндеу жұмыстарымен негізгі және қосалқы жабдықтар қамтылған. Осы шаралардың барлығы жылу тапшылығы мәселесін шешеді, үйлерді жылумен жабдықтауды жақсартыды.

Қазір жылу магистралінде №5 қазандықтың жекелеген шағын тораптарын монтаждау аяқталуда. Осыдан кейін жабдық гидравликалық сынақтан және газ-ауа жолының тығыздығын тексеруден өтеді. Болшақта қазандықты орнату «Kazakhstan Energy» ЖШС БЖЭО жұмысын жақсартып қана қоймай, ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға тиіс. Компания «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына кіру үшін Энергетика министрлігіне өтінім берді. Осының арқасында жабдықтарды жаңарту мүмкіндігі пайда болады.

– Биыл жөндеуге өткен жылмен салыстырғанда көп қаражат бөлінді. 4,2 млрд. теңге қаржы қарастырылған. Жылыту маусымының сапалы өтуі үшін екі қазандық пен екі турбинаны күрделі жөндеуден өткізуге дайындау қажет. Жылу беру маусымы басталғанға дейін қоймаларда отын болуы үшін көмір қорын тез қалыптастыру қажет. Қазір бұл мәселені КТЖ және әкімдікпен пысықтап жатырмыз, – деді «Kazakhstan Energy» ЖШС басшысы Темірлан Өтегенов.



Премьер-Министрдің бірінші орынбасары жылу және су құбыры желілері жөндеуге уәкелетін учаскелерде болды. 2022 жылы қалада №1 және 2 магистралдық жылумен жабдықтау желілерін қайта құру басталды. Жоспарланған 10,6 шақырымның 5,2-сі ауыстырылды. Жұмыс 2024 жылы аяқталуға тиіс.

Сондай-ақ, өткен жылы Балқашта 2-ші және 3-ші кезектегі қалайылық су құбырын қайта жаңарту басталды. 124 шақырым құбыр жаңартылады деп көзделіп отыр. 2022 жылы құрылысшылар 8,6 шақырым желіні

Айта кетейік, бүгінгі таңда жол құрылысы жұмыстары 71%-ға орындалған. Барлығы 363 шақырым жол төсемі жөндеген. Мердігерлер ауыл шаруашылығы техникасы үшін 32 жол өтпесін, 11 көпір, екі

орнатқан. Биылғы жоспарда 30 шақырым желі ауыстырылмақшы. Жұмыс бір уақытта бес учаскеде жүргізілуде.

Сонымен қатар, Роман Скляр жол құрылысы мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізіп, «Қарағанды-Балқаш» автожолының учаскесін реконструкциялау барысымен танысты.

көлік айрығын салмақ. Сондай-ақ, 310 су өткізу құбырын орнатпақшы. Қолданыстағы инженерлік коммуникация желілерін қайта құру жоспарланған. Жұмабек, Ақсу, Ақшатау және Балқаш үшін айналма жолдар салынды. Ақсу-Аюлы арқылы айналдырылу жолдары аяқталуға жақын.

Есірткімен күреске екпін береді

Елімізде есірткіге тәуелділер саны ресми мәліметтерден бес есе көп екенін айтады сарапшылар. Бұған елімізде жыл басынан бері заңсыз айналымнан тәркіленген сегіз тонна есірткі дәлел болса керек. Одан бөлек, 24 есірткі зертханасы таратылып, 765 өткізу фактісі тоқтатылған. Ал, өңірдегі деректерге жүгінер болсақ, биыл облыстың полиция департаментінің есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері синтетикалық есірткі өткізетін арнаның жолын кесіп, тұтас бір плантацияны жойған. Нәтижесінде 600 грамм синтетика мен 7291 түп қарасора, алты қап кептірілген марихуана жойылған.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Есірткіге қарсы күресті жандандыру мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Синтетикалық есірткі тұтынушылардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашакорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпұлттық деңгейде жүргізілуі тиіс» деген болатын. Үкіметке нашакорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеуге тапсырма берген.

Жуырда Үкімет нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Құжат 2023-2025 жылдарға арналған. Кешенді жоспар елдегі есірткінің қазіргі жағдайына талдау жүргізіле жасалғанын хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі. Бұл ретте нашакорлықпен және есірткі бизнесімен тиімді күресу үшін қажетті бірінші кезектегі шаралар мен қазіргі әлемдік есірткі саясатының ерекшеліктері ескерілген. Жоспарды әзірлеушілер психоактивті заттардың жаңа түрлерінің пайда болуын, есірткіні өндіру, тасымалдау және тарату тәсілдерінің өзгеруін, есірткі сатушылар қолданатын жаңа тарату әдістерін де қарастырған.

– Құжат сараптамалық ортада және түрлі пікірталас алаңдарында кеңінен талқыланды. Оның басты мақсаттарының бірі




– нашакорлықтың алдын алу сапасын арттыру және жалпы нашакорлар санын азайту үшін қоғамның, азаматтық институттардың, барлық мемлекеттік органдардың күш-жігерін шоғырландыру, – деп айтылады хабарламада.

Жоспар табысты жүзеге асса, 2050 жылға дейін Қазақстанда есірткі тұтынушылар мен есірткіге тәуелді кемелетке толмағандар саны азаяды. Бұл үшін бюджеттен 53,1 млрд. теңге бөлінеді.

Кешенді жоспар қабылданғаннан кейін облыстың полиция департаментінің есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлері де жыл сайын есірткі дайындау мен оны өткізудің түрлі құйтырқы жолдарын табатын қылмыскерлер, есірткі қолданушылар да, оны айналымға шығарушылар саны да азаяды деп отыр.

Мәселен, еліміз бойынша жыл сайын өткізілетін «Қарасора» арнайы операциясы барысында полиция қызметкерлері үйінде қарасора өсіріп отырғанын мойындаған ер адамды ұстады. Оның тұрғылықты жері-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

не келгенде құрамында есірткі бар өсімдік өсіретін фитозертхана анықталған. Нәтижесінде, каннабис тұқымын, 28 ылдыстағы өсімдік бұталарын, таразы, каннабисті өсіруге арналған нұсқаулықтары бар үш

Қайырым қашанда маңызды



Облыс орталығында Елорданың 25 жылдығын мерекелеуге арналған 85 шара ұйымдастырылды. Мерекелік концерттер, спорттық жарыстар, экскурсиялық сапарлармен қатар, қайырымдылық акциялары да өтті. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға арналған «Жаксылық марафоны» қайырымдылық акциясын айтуға болады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Мерейлі мереке қарсаңында бірқатар жалғызбасты зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі балалар көмек алды. Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Айсулу Сиубаеваның айтуынша, мұндай шара Қазыбек би және Әліхан Бөкейхан атындағы аудандарда да жалғасты.



– Туған күні шілде айына тұспа-тұс келген он жалғызбасты зейнеткерге, одан бөлек, 20 зейнеткер мен бес мүмкіндігі шектеулі баланың отбасына азық-түлік себеті таратылды. Мүгедектігі бар балаларға, 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар жандарға орталық саябақта, кітапханаларда көңіл көтеретін шаралар, ашық сабақтар өтті, – деді Айсулу Сиубаева.

Қайырымдылық акциясы аясында «Жу-сан» операциясымен елге оралған жеті әйелге, «Киелі шаңырақ» қарттар үйінде тұратын 15 адамға әлеуметтік көмек көрсетілгенін де айта кеткен жөн. АИТВ жұқтырған он баланың отбасына 81 мың теңгеден берілген. Бұл мақсатта қаражат жергілікті бюджеттен бөлінген.

